

Ал қытай иероглифтері жоғарыда айтып өткеніміздей ең байырғы иероглифтердің бірі. Оның айналасындағы елдерге ықпалы өте зор болды, тіпті, кейбір елдердің жазуында буын жазуы ретінде күні бүгінге дейін қолданылып келеді. Ол бітім жағынан графикадан біртіндеп квадратты иероглифтік символға айналды. Сондықтан кейде қытай иероглифін «Шаршы иероглиф» деп атайды. Ол пішінді иероглифтерден дыбыстық иероглифке айналды. Бірақ жалпы беттік иероглиф жүйесінде ол әліде идеографиялық иероглифке жатады. Сондықтан қытай иероглифінде образ, дыбыс, мағынақатарлы қасиеттер бірден өз ішіне қамтылып жатады. Бұл ерекшелік дүние жүзіндегі жазулардың ішінде тек қытай иероглифтік жазуында ғана бар. Сол себепті қытай иероглифінде тек өзіне ғана тән даралық бар деп айтуға болады. Қытай иероглифі қытай ұлтының мыңдаған жылдардан жиналған асыл қазынасы болғандықтан, ол қытай рухани әлемінің және мәдениетінің айнасы сипеттес. Қытай иероглифтері оны құлшына үйренушілерге өзінің күрделі құрылымыдық ерекшелігімен фантазиялық қиялға және қызықты ойларға жетелейді. Сөйтіп тың да тылсым деректілігімен қытайтану әлеміне жол ашады.

Біз қытай жазуы мен иероглифтерінің тарихына үңіле отырып, оның бүгінгі жаһандану заманыментығыз байланысын сезінгендей болып отырмыз. Тарихта иероглифтермен қатысты ашылмаған қаншама ғажап сырлар бар екені белгілі. Оны әлі де құлшына зерттеп, тарихы терең, дәстүрі берік елдің нысаны ретінде қарастыруды қолға алуымызға болады.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Ваң Яли. «Қытай иероглифінің даналығы».- бейжиң: бейжиң тіл және мәдениет университет баспасы, 2008. - 92 б.
- [2] Байду байқы. «қытай иероглифі» <https://baike.baidu.com/item/%E6%B1%89%E5%AD%97/114240>
- [3] Луо Жуфын. « қытай үлкен сөздігі ». - шаңхай: қытай үлкен сөздік баспасы, 1993. - 1800 б.
- [4] Ваң Кай. « қытай тарихының қарапайым білімдері ». - шанши: шанши педагогика университет баспасы, 2015. - 258 б.
- [5] У Жоңвей. « қазіргі қытай жазуы ». - бейжиң: қытай тіл оқыту баспасы, 2009. - 223 б.
- [6] Лан Дықан, Сунғаң Роңжы. « қытай жазу теңізі ». - бейжиң: қытай тіл оқыту баспасы, 2018. - 2720 б.

HISTORICAL REVIEW OF CHINESE CHARACTERS AND HIEROGLYPHS

Tangzharyk D.¹, Zhylybekuly B.²

¹Nasional University named by L.N. Gumilev, Department of Chinese Philology 1st year graduate student
Email: dinartangzharyk@mail.ru

²Nasional University named by L.N. Gumilev, Candidate of philological science
Email: bekhoja_astana@mail.ru

Abstract: In this scientific work have been made comprehensive searches about the emergence, development, cyclical change and use of the Chinese hieroglyphs. Specifically, the additions of Chinese hieroglyphs to the changes in the political structure of the khanates in the past history of China are considered. At the same time, the number and quality of Chinese hieroglyphs are mentioned in the published dictionaries.

Keywords: China, Chinese character, hieroglyphs, Chinese hieroglyphs, Chinese history.

ӘӨЖ 81-23: (811.512.122; 811.581.11)

ҚЫТАЙ ИЕРОГЛИФТЕРІН ТРАНСКРИПЦИЯЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қойбақова А.С.

докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
қытайтану кафедрасының аға оқытушысы, Алматы, Қазақстан
e-mail: ayzhan.k.s@gmail.com

Аңдатпа. Шет тілдік атаулар, оның ішінде қытай есімдері мен жер-су атаулары, компаниялар мен ұйымдардың атаулары әлі күнге дейін орыстың Палладий транскрипциялық жүйесі негізінде жазылып келеді. Алайда Палладий транскрипциялық жүйесінің кемшіліктері көп. Қытай тілі мен орыс тілі мүлдем ұқсамайтын екі тіл болғандықтан, қытай тіліндегі кейбір дыбыстар орыс тілінде кездеспейді. Сондықтан қытай тіліндегі атауларды транскрипциялауда дыбыстар дәл әрі нақты жеткізілмейді. Ал қазақ тілінің көптеген дыбыстары қытай тілінің дыбыстарымен сәйкес келеді, сол

себепті орыс тіліндегідей мәселелер көп туындай бермейді. Алайда қазақ тілінде қытай иероглифтерін, жалқы есімдерін транскрипциялау немесе транслитерациялаудың белгілі бір жүйесі, біізді жазу стандарты болмағандықтан, баспасөз құралдары, аудармашылар мен ғалымдар, қытайтанушылар орыстың Палладий жүйесімен жазуына тура келіп отыр.

Бұл мақалада қытай транскрипциялық Пиңин жүйесінің ерекшелігі, Палладий транскрипциялық жүйесінің артықшылықтары мен кемшіліктері және қытай иероглифтеріне арналған қазақ транскрипциялау жүйесін жасаудың маңыздылығы қарастырылады.

Тірек сөздер: транскрипция, Қытай фонетикалық әліпбиі, Палладий транскрипциялық жүйесі, жалқы есімдер.

Қытай тілінде бір иероглиф бір буынды құрайды. Бастапқыда дыбыстық мәні мағынасынан ажырамайтын бір құрылым болатын. Ауызша тіл көпшілікке, ал жазбаша тіл тек белгілі бір тап өкілдеріне ғана қолжетімді болды. Дегенмен біртіндеп оны меңгергендер саны артып, мәні де арта түсті. Иероглифтің мағыналық және көзшалымдық компоненттерін көрші елдер де өздеріне сіңіріп алды. Иероглифтің сыртқы формасын мағыналық мазмұнымен сәйкестендіру нәтижесінде оның фонетикалық жағы алшақтып, өзгерістерге ұшырады.

Иероглифтерді ең алғаш транскрипциялаған еуропалық мисонерлер, көпестер болатын. Олар ең алғашқы аударма сөздіктерін жасап, онда иероглифтердің транскрипциялары берілді. Пиңин стандартты құрал болғанға дейін бір ғасырдан астам уақыт бойы оқымыстылар қытай иероглифтерін транскрипциялайтын жүйені жасауға тырысты. Олардың ішіндегі ең танымалы Уэйд Джайлз (Wade-Giles) болса керек. Бұл 1800 жылдардың ортасында Ұлыбританияның Қытайдағы елшісі Томас Уэйд (Thomas Wade) жасаған жүйесі. Бұл жүйені 1912 жылы Қытайда жұмыс істейтін тағы бір британдық дипломат Герберт Джайлс (Herbert Giles) жетілдіреді. 1979 жылға дейін бұл барлық ағылшын тіліндегі кітаптарда қолданылған үлкен жүйе болды.

Транскрипция шетелдіктердің қытай тілін меңгеруін жеңілдету үшін таптырмас құрал екені белгілі. Алайда нақты әрі жүйелі транскрипциялау жүйесі ХХ ғасырдың орта тұсында ғана енгізілді. Ол әмбебап «pinyin» жүйесі немесе Қытай фонетикалық әліпбиі. Пиңин (拼音 pinyin) «Үлкен қытайша-орысша сөздігінде» сөзбе-сөз «буындарды біріктіру», «транскрипциялау», «дыбыстау», «қытай тілін романизациялау жүйесі» деген нұсқаларда аударылған. Қазіргі таңда ҚХР аумағында Пиңин жүйесі (Қытай фонетикалық әліпбиі) стандартты қытай тіліндегі иероглифтерді транслитерациялау мен фонетикалық таңбалауда қолданылатын үлгі. Ол 1958 жылы өңделіп, 1979 жылы үкімет тарапынан қытай тілінің әмбебап транскрипциясы ретінде ресми түрде қабылданды. Ол бұған дейін болған Уэйд Джайлз, «Жуин» транскрипцияларының орнын басты. Көп кешікпей бұл жүйені стандарттау бойынша Халықаралық Ұйым (International Organization for Standardization (ISO)) қытай тілінің латынша транскрипциясы ретінде мақұлдады.

Пиңин қытай тілін дамытуға, меңгеруге үлкен ықпал етті. Сондай-ақ, шетелдіктердің қытай тілін үйрену қабілетін жақсартып қана қоймай, қытайлықтарға өз тілдерін үйренуге мүмкіндік берді. Ол сонымен қатар қытай онимдік атауларын, жер-су атауларын және басқа нақты терминдерді еуропалық тілдерге және керісінше аударуды әлдеқайда жеңілдетті.

Қытай фонетикалық әліпбиі әртүрлі диалектілерде сөйлеушілерге ортақ негіз берді, өзара түсіну үшін белгілі бір таңбаларды айтудың стандартты тәсілі болды. Ол қазіргі Қытайға компьютердің мүмкіндіктерін пайдалануға мүмкіндік берді. Пиңин пайда болғанға дейін қытайлық компьютерлік пернетақталар мен жазу машинкалары үлкен және ыңғайсыз болатын.

Қытай фонетикалық әліпбиі латын әліпбиіндегі 26 әріптің 25-ін ғана пайдаланады. Пиңин транскрипциялау жүйесінде «v» жоқ. Қытай тілі тондық тіл болғандықтан, дауысты дыбыстардың үстіне қоятын тондық белгілер де айналымға енді. Қытай тілінің төрт тонын анықтау үшін диакритика қолданылады. Бұл қытай тілін жақсы меңгеру үшін өте маңызды. Сонымен қоса, Пиңин қытай арнаулы және түсіндірме сөздіктері мен анықтамалықтарда, шет тілдік сөздіктерде іздеу үшін негізгі фонетикалық жүйе болып қалыптасты. Дегенмен, Пиңин мінсіз жүйе деп айта алмаймыз, онда біраз мәселелер бар. Солардың бірі – финалдар. Финалдар қытай тілінің барлық дыбыстарын қамтымайды. Ең шатастыратын финал – «i». Пиңин бойынша «i» дыбысының қазақ тіліндегі «u» сияқты екені белгілі. Студенттердің *di* (*du*), *mi* (*mu*) дыбыстарын айтуы оңай. Бірақ «i» *zhi*, *chi*, *shi*, *ci*, (*жі*, *чі*, *ші*, *сі*, *пі*) буындарында қазақ тіліндегі «i» (ішік, ілік дегендегі *i*) болып айтылады, ал *ji*, *qi*, *xi* (*зи*, *ци*, *си*) буындарында қайта «u» дыбысына өзгеріп кетеді, яғни «i» фонемасы екі түрлі дыбысталады. Сол сияқты «e» фонемасының екі түрлі дыбысталуы бар. Біріншісі, *gei*, *mei*, *shei*, *dei* (*гей*, *мей*, *шей*, *дей*) т.б. буындарда қазақ тіліндегі «e» болып дыбысталса, ал *ge*, *de*, *te*, *ne*, *me* (*гы*, *ды*, *ты*, *ны*, *мы*) буындарындағы дыбысталуы қазақ тіліндегі «y» дыбысымен сәйкес келеді.

Тағы бір шатастыратын финал – «*й*». Кейде диакритикалық белгісі бар, ал кейде жоқ. Диакритикалық белгісі жоқ кезде, ол «*и*» сияқты көрініске ие болады. «*Ви*» (*бу*) мен «*хи*» (*сүй*) салыстыратын болсақ, бұл бір көріністегі екі түрлі финал, екі түрлі дыбыстау.

Қазақ тіліне шет тілінің сөздері, оның ішінде қытай тілінің жалқы есімдері негізінен орыс тілі арқылы транслитерацияланып жүр, нақты айтқанда, орыс тіліндегі жазылуына негізделеді. Мысалы еліміздегі Ваq.kz порталының қазақ тіліндегі жаңалықтарынан мынадай қытай жалқы есімдерін кездестірдік, олардың жазылуында Палладий транскрипциялық жүйесі басшылыққа алынған: Хайнань, Синьхуа, Вэньчан, Хуньцунь, Хуаньшань, Исянь, Шаосин, Аньхой т.б. [1].

Палладий транскрипциялық жүйесі – қытай тілінен орыс тіліне транскрипциялайтын жүйе. Ол Қытай жалқы есімдерін, тағам, мереке, т.б. реалияларды жазуда қолданылады: 习近平 Си Цзиньпин, 惠州 Хуэйчжоу, 锅包肉 гобаожоу. Бұл жүйе сөздіктерде, карталарда, ресми және заңдық құжаттарда, бизнес хаттарда, визада, көркем шығармаларда қолданылады.

Ең алғаш қытайша-орысша транскрипциялау жүйесін 1839 жылы қытайтанушы ғалым Йакинф (Бичурин) жасаған болатын. Кейін бұл жүйе Палладий (Кафаров) пен Павел Поповтың құрастырған «Қытайша-орысша толық сөздікте» кеңінен қолданылып, Палладий транскрипциялық жүйесі ретінде таныла бастайды. Мұны тіпті посткеңестік елдері де қолданып келді, оның ішінде Қазақстан да бар. Себебі Қазақстанда қытай тілінен транскрипциялаудың қазақша жүйесі әлі күнге дейін жасалған жоқ. Еліміздегі қытайтанушылар мен аудармашылар кирилл графикасына негізделген қазақ әліпбиін немесе Палладий транскрипциялық жүйесін қолданады. Бұдан бір атаудың үш немесе одан да көп жазылу және айтылу нұсқалары пайда болды. «Шеттілдік терминдердің қазақ, өзбек және әзербайжан тілдерінде түпнұсқадағы немесе аралық (делдал) тілдегі формасын сақтап қолданылуы бұл мемлекеттердің бұрынғы Кеңес одағының құрамында болуымен және орыс тілінің әсері күшті болғандығымен (әлі де болып отырғандығымен) түсіндіруге болады...» [2, 50 б.]

Қытай тілі орыс тілінен жазуынан бастап дыбысталуына дейін мүлдем ұқсамайтын, алшақ жатқан тіл. Бұл тілдерді үйренушілерді біраз тығырыққа тірейтіні рас. Себебі қытай тілінде орыс тілінде мүлдем баламасы жоқ дыбыстар бар, олардың кейбіреуі екі дауысты дыбыстан құралған. Путунхуада 414 буын болса, тондарын қоса алғанда 1324 буынды құрайды.

Палладий жүйесін Қытай фонетикалық әліпбиі Пиңинмен салыстырып қарасақ, біраз мәселелерге тап боламыз. Екі тілдегі дауыссыз дыбыстардың көпшілігі сәйкес келгенмен (*b/б, p/п, d/д, t/т, m/м, g/г, k/к, h/х, f/ф, l/л, n/н*) кейбіреуінің мүлдем баламасы жоқ (*ng, u, ü, r*). Орыс тілінде *wi* буынындағы бастапқы *w* «*у*» түрінде жазылса, басқа буындарда «*в*» арқылы жазылады. Пиңиндегі *r* әрпі орыс тіліндегі «*ж*» дыбысына сәйкес келеді дейді, бірақ бұл жерде қытай тіліндегі *zh, j* әріптерінің дыбысталуы да «*ж*» -ға жуық болатындықтан, мәселе туындайды.

Сондай ақ, *n* және *ng* финалдары (буын соңында) әртүрлі беріледі. Тіл арты дыбысы *ng* – әдетте Палладий жүйесінде «*н*», ал «*п*» – жіңішкелік белгісін қою арқылы «*нь*» деп беріледі. Егер *ng* дыбысынан кейін дауысты дыбыстан басталатын буын келсе, онда жуандық белгісі қойылады: 汤阴 *tāngyīn Таньинь*. Бұл финалды ажырату үшін алынғаны алға тартылады. Бірақ біздің ойымызша мұның негізгі себебі орыс тілінде «*ng*» дыбысына сәйкес «*ң*» дыбысының болмауы. Пиңиндегі *j* мен *z* Палладий жүйесінде бір ғана «*цз*» арқылы беріледі. Сол сияқты *q* және *s* дауыссыз дыбыстары «*ц*», ал оларға жалғанатын дауыстылар әртүрлі дыбысталады: *qi/ци* и *ci/цы*.

Транскрипцияда жиі қиындықтар тудыратын финалдар *iu — ю, ia — я, ui/ü — юй*. Қытай тілінің дыбысталуында орыс тіліндегі қысқа «*й*» жоқ. Палладий жүйесінде «*ио*» *о, you — ю*. «*е*» дауысты дыбысы — қатаң «*э*» (*ben/бэнь, le/лэ*), ал *ie — жұмсақ «е» (die/де, jie/цзе)*.

Сонымен қоса, Қытайдың көптеген жалқы есімдерін жазуда түсінбеушіліктер кездеседі. Мысалы, Аньхой (安徽) провинциясының атауы *An* және *hui* деген екі буыннан құралады. *An* - *ань*, ереже бойынша *hui* - *хуй* болып жазылуы керек, бірақ бұл жерде *хой* деп алынған. Сол сияқты 陕西 (Shǎnxī) провинциясы орыс тілінде *Шэньси* деп жазылады, оны 山西 (Shānxī) *Шаньсиден* ажырату үшін осылай жазуға тура келген деген уәж бар.

Палладий жүйесінің қытай тілінің дыбыстарын дәл бере алмайтынын көптеген ғалымдар мойындайды және оны алмастыратын немесе жетілген нұсқасын жасауға тырысқан орыс ғалымдары болды. Алайда ол жүйелер соңына дейін жеткізілген жоқ. Атақты қытайтанушы Альберт Крисской бұл жайында былай деген: «Простите меня, отец Палладий. В далеком 2003 году я прошел через один из почти обязательных этапов на пути изучения китайского языка: я вдруг понял, что палладица-то, однако, плохо передает китайскую фонетику. Я оказался в горстке тех безумцев, которые после этого наблюдения начинают создавать свою, конечно же более правильную, таблицу соответствия слогов.

Вспоминать о ней незачем. Незачем потому, что никакая форма записи китайской фонетики русскими (или латинскими) буквами не будет точной. А плодить разные сущности в то время, когда желательно, чтобы все-таки у нас была единая система написания китайских имен, марок, топонимов и прочего, нет никакого смысла» [3].

«Несмотря на то, что русская транскрипционная система уже долгое время является общепринятым методом передачи наименований китайского языка на русском, некоторые китаисты находят ее недостаточно адекватно отражающей китайскую фонетическую систему» (4. с. 225).

Созданная в своей основе в XIX в., задолго до появления латинизированных алфавитов, могущих послужить посредниками при передаче корреляций *звук – звук, графема – графема*, палладица не может считаться фонетической записью современной звучащей китайской речи на путунхуа и не решает проблемы практической «транскрипции (т.е. передачи на письме звучания иноязычного слова средствами принимающего языка) и транслитерации (т.е. установления максимально близких соответствий между графическими единицами исходного и принимающего языка)» (5. с. 11).

Алайда, Палладий жүйесінің өте тиімді жүйе екенін жақтайтын ғалымдар да аз емес. Солардың бірі қытайтанушы ғалым *Концевич Л.Р. былай дейді*: Китайские собственные имена, равно как и географические названия, передаются в системе практической традиционной русской транскрипции, разработанной акад. В. П. Васильевым в 1867 г. и в окончательном виде оформленной в «Китайско-русском словаре» арх. Палладия (П. И. Кафарова) и П. С. Попова в 1888 г., а затем несколько обновлённой после реформы русской орфографии 1917—1918 гг. в трудах проф. Е. Д. Поливанова и других учёных-китаистов нашей страны. Эта транскрипция, успешно выдержавшая проверку временем, сравнительно точно передаёт звуковой и структурный состав китайских слов [6. с. 156].

Қытай жалқы есімдерін транскрипциялауда дыбыстарды Палладий жүйесіне қарағанда қазақ тілінің дыбыстарына жуық, әдәуір дәл береді. Мәселен, «lii» буыны Палладий жүйесі бойынша «люй» деп жазылса, қазақ тілінде «лүй» деп транскрипциялауға болады. Бұл қытай тіліндегі дыбысты дәлме дәл жеткізіп тұр. Сол сияқты, «wang» буыны орыс тілінде «ван» болса, қазақ тілінде «ваң» деп транскрипциялауға болады.

Қазақ және қытай әліпбиіндегі дыбысталуы жағынан бір-бірімен сәйкес келетін дауыссыз дыбыстар саны басым: *b-b, d-d, f-f, g-g, h-h, j-j, k-k, l-l, m-m, n-n, p-p, r-r, s-s, t-t, v-v, ш- sh*. Қазақ әліпбиі мен қытай фонетикалық әліпбиіндегі дыбысталуы жағынан бір-біріне сәйкес келетін дауысты дыбыстар бар: *a – a (ə), o-o (y), i- i (u), u-y (y)*.

Қорытындылай келе, мынадай тұжырымдар жасаймыз:

Қытай дыбыстарын Палладий жүйесімен толық жеткізу мүмкін емес, өйткені орыс тілінде көптеген қытай дыбыстары жоқ. Палладий жүйесі тек орыс алфавитінің әріптерін пайдаланады.

Қытай иероглифтерін транскрипциялауда орыс тіліне қарағанда қазақ тілінің дыбыстарды дәл беруге мүмкіндігі зор. Себебі қытай тіліндегі дыбыстардың басым бөлігі қазақ тілінде бар.

Қытай иероглифтерін транскрипциялауда екі тілдің нормаларына барынша сай транскрипциялау жүйесін құрастыру бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі.

ӘДЕБИЕТ

[1] 900 жылдан аса тарихы бар ауыл Қол жеткізу режимі: URL: <https://baq.kz/900-zhyldan-asa-tarihy-bar-auyl-292611/> (қол жеткізілген күн: 2.01.2023)

[2] Құлманов С. Шетілдік терминдердің түркі тілдерінде қолданылу ерекшеліктері (қазақ, түрік, әзербайжан және өзбек тілдерінің материалдары негізінде) // «Терминжасам қағидаттары және ұлттық терминология мәселелері» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. –Астана, 2018. – 47-53- бб.

[3] Палладица: за и против. // «Laowaicast» № 218 (2018). Қол жеткізу режимі: URL: <https://laowaicast.ru/2018/12/laowaicast-218/> - (қол жеткізілген күн: 25.01.2023)

[4] Лысяя, Е.И. Особенности транскрипции имен собственных с китайского языка на русский и белорусский // Сборник статей международной научно-практической конференции. – М., - 2019. - С. 224-228.

[5] Ермолович, Д.И. Методика межъязыковой передачи имен собственных // Всероссийский центр переводов научно-технической литературы и документации. - М., 2009. - С.34.

[6] *Концевич Л.Р.* Китайские имена собственные и термины в русском тексте. — М., 2002. – 263 С.

PROBLEMS OF TRANSCRIPTING CHINESE HIEROGLYPHS

Koibakova A.S.

Doctoral student, senior lecturer of the Department of Sinology, Faculty of Oriental Studies, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.
e-mail: ayzhan.k.s@gmail.com

Absrtact. Foreign language names, including Chinese names and place names, names of companies and organizations are still written on the basis of the Russian Palladium transcription system. However, the Palladium transcription system has many drawbacks. Since Chinese and Russian are two completely different languages, some sounds in Chinese are not found in Russian. Therefore, in the transcription of names in Chinese, the sounds are not accurately and clearly conveyed. And many sounds of the Kazakh language coincide with the sounds of the Chinese language, so there are not many problems like in the Russian language. However, since the Kazakh language does not have a specific system of transcription or transliteration of Chinese hieroglyphs, personal names, and a consistent writing standard, the press, translators and scientists, Chinese scholars have to write with the Russian Palladium system.

This article discusses the peculiarities of the Chinese transcription system Pingin, the advantages and disadvantages of the Palladium transcription system, and the importance of creating a Kazakh transcription system in writing personal names in Chinese.

Key words: transcription, Chinese phonetic alphabet, Palladium transcription system, proper names.

УДК 811.581

ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ ЭМОТИВТЕР

Абыканова Д.Б.

филология ғылымдарының магистрі, Шығыс тілдерінің аудармасы кафедрасының оқытушысы, Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ, Алматы, Қазақстан
e-mail: dinara065@gmail.com

Андатпа: Мақалада қытай әлем бейнесі эмотивтері, фразеологиялық бірліктер және одағайлар көмегімен эмоцияны білдіру ерекшеліктеріне назар аударылады. Одағай сөздердің ерекшеліктері, олардың тілдерде алуан-түрлі қолдануы және эмоцияларды жазбаша түрде сирек жеткізілуі. Фразеологизмдер құрамы жағынан күрделі болғанымен, бірнеше компоненттен жасалады.

Тірек сөздер: одағай сөздер, фразеологизмдер, жіктелу, қытай әлем бейнесі, эмотивтер.

Қытай тіліндегі әлем бейнесіне тән харизматикалық бедел, реттелгіштік, метафора, мифология, этикетизациямен сипатталады.

Тіл біліміндегі эмоционалды сөздердің зерттелуі, ой мен ерік-жігерді қалыптастыруда эмоционалды, экспрессивті сөздер, сөз тіркестер, ауызекі сөздің айқындылығын, әсерлігін күшейту, кейпін арттыру ретінде қолданылады. Эмоциялық лексикаға ұнату және ұнатпау, қорқыныш пен қуаныш, толқу мен жек көру, қорқыныш пен батылдық, сенім мен сенімсіздік, қайғы мен уайым т. б. кіреді. Бірнеше мағынаны қолдану. Қытай лексикасындағы эмоционалды сөздерді зерттеу және эмоционалды сөздерді топтастыру тіл мамандары мен қытай тілін оқитын студенттер үшін маңызды мәселе болып табылады.

Қытай лексикасының тарихы ұзақ болғанымен, кейінгі қытай тіл маманы Сунь Чансуидің лексикасы жеке пән ретінде қалыптасты.

Қытай тілінің сөздері өз заңдылықтары бойынша дамиды әртүрлі құралдардың жиынтығы. Сөздік қоры жағынан, қытай тілі әлемдегі ең бай тілдердің бірі болып табылады.

Қытай тіліндегі эмотивтерді одағай сөздер білдіреді. «Одағай сөздер – қоршаған ортаға эмоционалды және эмоционалды-еріктік реакциялардың көрінуіне қызмет ететін өзгермейтін сөздер тобы» [1]. Бірақ, көбінесе сөйлеуші жақ өз эмоцияларын, талаптарын, сезімдерін және т. б. білдіру құралы ретінде пайдаланады. Әңгімелесушінің әртүрлі жағдайларға тез жауап беруі үшін қолданылады деп айта аламыз.

Қытай тілі мамандарының арасында одағай сөздердің, сөз таптардың тиесілігіне қатысты әртүрлі көқарастар бар. Кейбіреулер оларды сөздің жеке бөлігі ретінде топқа бөледі, басқалары